

І ТУЫ

ІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ктябрь Сейсенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге, оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін еңалдымен барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау қажет, сол сыяқты, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру қажет.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Татуды осы

жөп дайындау
Копнохов ауда-
30 жылдығы»
Бұл колхоздың
дәтелі Ищупин
жемшөпті жый-
ралары сақдай-
уақытқа дейін
ын сендіріп кел-
упин жолдастың
шылық болып
ақстанның 30
жемшөп дайын-
дейін орындама-
т жемшөптің езі
аража түсе бас-
м сыяқты, қол-
деу және жаңа-
бы да мүлде қа-
арамастан қол-
ықтта жемшөп
арын қысқа әзір
дануды мүлдем
аудандық ауыл
олхоздың және
здарының мал
ен жете таныс
ікті жедел қар-
қтау жөнінде
еріне нақтылы

Солтүстік Қазақстан облысында 1952 жылғы III-тоқсанда халық шаруашылығы жоспарының орындалу қорытындылары туралы Облыстық санақ басқармасының хабары

1952 жылғы үшінші тоқсанда өнеркәсіп пен то-вар айналымының өрістеуі мына мәліметтермен сыпат талады:

I.

Солтүстік Қазақстан облысының жеріндегі өнеркәсіптің 1952 жылғы үшінші тоқсанында жалпы өнімнің көлемі 1951 жылғы үшінші тоқсанмен салыстырғанда 113 процент болды.

1952 жылдың үшінші тоқсанында өнеркәсіпте жалпы өнім шығару жоспары 99,8 процент орындалды.

Облыс өнеркәсіп орындарында өнеркәсіптің жалпы өнімін өндірудің 1952 жылдың үшінші тоқсанында орындалуы төмендегідей:

	тоқсандық жоспардың орындалу проценті
Электр құралдарын жасайтын завод	100,4
Орталық электр станциясы	93
Шағын двигательдер заводы	104
Ет комбинаты	94
«Главмука» завод басқармасының үн заводтары	98
Оның ішінде: № 9 үн заводы	79
№ 10 үн заводы	125
№ 11 үн заводы	99,4
«Сельхозмука» завод басқармасының диірмендері	93
Оның ішінде:	
Петропавлдағы № 2 диірмен	112
Мамлют диірмені	127
Красноярск диірмені	110

Мамлют механикалық заводы	50
Облыстық баспахана	99
Облыстық орман басқармасы	130
Автомобиль жөндеу мастерскойы	123
Қалалық су проводы	100,5
Облыстық жергілікті өнеркәсіп	122
Оның ішінде аудандық өндіріс комбинаттары:	
Октябрь	180
Ленин	145
Приешім	124
Мебель жасау комбинаты	112
Булаев	119
Полудень	103
Преснов	101
Мамлют	114
Совет	73
Қалалық өндіріс комбинаты	118
Протез мастерскойы	127
Таразы заводы	136
Облыстық жергілікті отын өнеркәсібі	88
Облыстық тұтынушылар одағы (өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінде)	97
Қалалық сауда мекемесі (өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінде)	95
Облыстық кәсіпшілік одағы	118
Оның ішінде артельдер:	
«Кожхимик»	124
«Молот»	124
Сталин атындағы	114
«1.Май»	105

Жалпы өнім шығару жөніндегі тоқсандық жоспардың толық және артық орындалуымен қатар, жекелеген кәсіпорындары: «Қазақ ССР-ның 10 жылдығы», «Красный партизан», «Охотник», «Кожхимик», «Молот», «Деревообделочник», «Красный кирпич», «Светлый луч», «Ишим», «Защитник Сталинграда», «Красная звезда», «Қазақ ССР-ның 15 жылдығы» артельдері заттай алғанда өнімнің аса маңызды түрлерін шығару жөніндегі жоспарды орындаған жоқ.

II

1952 жылғы үшінші тоқсанда заттай алғанда өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін шығару жөніндегі жоспардың орындалуы төмендегі мәліметтермен сыпатталады:

	тоқсандық жоспардың орындалу проценті
Ет	89
Шұжық заттары	101,6
Қонсервілер	108
Ұн	95
Мал майы	93
Кондитер заттары	93
Спирт	135
Арақ және арақ заттары	97
Нан-булка заттары	118
Сыра	108
Былғары	100,2
Жүннен жасалған аяқкіімдер	83
Былғары аяқкіімдер	12
Трикотаждан тігілген сыртқы киімдер	2
Темекі	112

рық және жылы қоралар толық жөнделді және жаңадан салынды.

Алайда, облыс колхоз, совхоздарын жалпы алғанда мал қыстату маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалуына қарамастан бұл жауапты кезеңге әзірлік мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Әсіресе, колхоз, совхоздарда жемшөп дайындаудың, оны қыстаулар қасына тасудың жұмыс мүлдем мардымсыз екендігін мойындығымыз керек. Осыған қарамастан бірсыпыра аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары көптеген колхоздар мен МТС, совхоз бас-

талымның социалистік ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерімен бірге, біздің облысымыздың мал өсірушілері де партиямыздың XIX съезінің қарарларын және данышпан көсеміміз Сталин жолдстың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін қуанышпен қарсы алып, оған қажырлы еңбектерімен жауап беруде. Партия ұйымдары мал өсірушілердің осы өндірістік және саяси өрлеуін бастай біліп, олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыс пен социалистік жарысты нақты ұйымдастыруға, сөйтіп, оларды алда тұрған міндетті аброймен орындап шығуға жұмылдыра білуге міндетті.

Еділ бойында кеме жүзу маусымының аяқталуы алдында

ДОНДАҒЫ КАНАЛ (СОТА). Ұлы су магистралі — В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналында және Цимлянск теңізінде кеме жүзудің тұңғыш маусымы аяқталуға жақын. Канал мен Цимлянск теңізінде кеме қатынасы басталғаннан бергі уақыттың ішінде жолаушылар тасыған мыңдаған кемелер мен жүк тиеген керуендер өтті. Доннан, Кубаньдан және Донбастан көптеген мың тонна астық, көмір, ауылшаруашылық машиналары тасылды. Еділден Донға ондаған мың текшеметр ағаш, Уралдың мыңдаған тонна темір рудасы, Ростов облысының, Краснодар өлкесінің, Донбасстың

өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы үшін еліміздің орталық облыстарындағы заводтарда жасалған көптеген механизмдер тасылып жеткізілді.

Кәзір Еділ-Донды пайдаланушылар каналдың су құрылыстары мен механизмдерін қысқа әзірлеуде. Партияның XIX съезінің материалдарын және Сталин жолдстың тарихи сөзін оқып, үйрене отырып, олар Ұлы Октябрьдің 35 жылдығының күрметіне: каналдағы кеме жүзу маусымын үлгілі аяқтауға, механизмдерді ұқыпты сақтауға мінсіз әзірлеуге жаңа социалистік міндеттемелер алды.

Саз-батпақты құрғатуға шабуыл жасауда

ПЕТРОЗАВОДСК (СОТА). Быйыл Карел-фин ССР-нің бірсыпыра аудандарында саз-батпақты құрғату жұмыстары жүргізілді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары саз-батпақты құрғатып, сталиндік бесінші бесжылдық ішінде құрғатылған жердің көлемін 40—45 процент арттыруды көздейді. Бұл жұмыстар жүргізілетін республикалардың ішінде Карел-фин ССР-де аталған. Оған қосымша көптеген экск-

ватор, бульдозер, ағаш түбірін қопарғыштар, бұта отағыштар, канал қазғыштар мен грейдер беріле бастады.

Екі ауданда — Забнега мен Кондопож аудандарында ССРО ғылым Академиясы Карел-фин филиалының сталиндік сыйлықтың лауреаты Е. А. Заутина бастаған экспедициясы күзге дейін жұмыс істеді. Экспедицияға қатысушылар саз-батпаққа айналған көп жерді мұқият зерттеді. Осы зерттеулерге сүйене отырып, бірінші кезектегі мелiorациялық жұмыстар жүргізілме-

Сталин жолдстың тарихи сөзін зор саяси өрлеу үсінде оқып үйренуде. Осы фабриканың жастары өздерінің барлық табыстарын сүйікті партиямызға, туысқан көсеміміз Сталин жолдсқа арнауда.

Фабриканың таңдаулы комсомолецтері Устинова, Родионова, Чекунова күнделікті тапсырмаларын 150—180 процент орындаса, Калыкина және Сәбитова сыяқ-

рларын, Сталин жолдстың тарихи сөзін лениндік- сталиндік идеялардың салтанаты есебінде, адамзаттың жарқын болашағы — коммунизмге жету жолындағы жеңістердің жауынгерлік программасы есебінде қарсы алды. Фабриканың цехтарында күн сайын съезд материалдарын оқып, Иосиф Виссарионович Сталиннің сөзімен тереңдей танысуда.

Екінші цехтың үгітшісі Агапова жолдс-

ның назары біз Шетелдердегі Ленин — Сталин Венгрия, Болгария және басқаларының еңбек озыдарының таңдау үлгі алуда. Агапова жолдслықпен жұмыс

Кәсіпорындарының бүгін таңдағы кейбір міндеттері туралы

Коммунистік партияның XIX съезі социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолындағы күресте совет халқының алдына орасан зор міндеттер қойды. Еліміздің халық шаруашылығын өркендету ісі ұлы мақсатқа — коммунизм құрылысы мақсатына бағындырылып отыр. Сондықтан да халық шаруашылығының барлық салалары бүгін таңдағы талаптарға сай жедел қарқынмен өркендетіле беруі керек.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, біздің облысымыздың өнеркәсіп және темір жол транспортының кәсіпорындары барлық көрсеткіштер бойынша өндірістік жоспарды орындау жөнінде игі нәтижелерге ие болып келеді. Үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында жалпы өнім шығару жоспарының өткен жылғы осы мерзімге қарағанда 113 процент орындалуы мұны айқын дәлелдейді. Шағын двигателдер заводы, сыра заводы, былғары заводы, «Главмука» завод басқармасының № 10 ұн заводы сыяқты бірқатар озат кәсіпорындарының коллективтері тоқсандық жоспардың едәуір асыра орындалуына жетісті. Міне, бұл — кәсіпорындары басшыларының, партия және кәсіподақ ұйымдарының табысқа жетудің негізгі шарты — социалистік жарысты кеңінен өрістетудің игі нәтижесі.

Алайда, ет комбинаты, аяқкиім фабрикасы, Мамлют механикалық заводы сыяқ-

ты және бірқатар жекелеген кәсіпорындарының мемлекеттік тапсырмаларды орындай алмауы облыс өнеркәсібі бойынша тоқсандық жоспардың орындалмай қалуына әкеліп соқты. Сонымен қатар, бірқатар ірі кәсіпорындары және кәсіпшілік артельдері жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды орындағанымен өнімнің түр-түрін өндіру жөніндегі тапсырмаларды ойдағыдай жүзеге асыра алмады. Ондай кәсіпорындарының басшылары жалпы өнім шығару тапсырмасын толық орындаумен қатар, өнімнің түр-түрін тағайындалған мөлшерде өндіруге жетіскен уақытта ғана мемлекеттік жоспардың орындалды деп есептелетіндігін естен шығарып отыр.

Коммунистік партияның XIX съезінде жұмыстағы науқаншылдық өте қатты сыналды. Ал, осындай өрескел кемшілік біздің облысымыздың кәсіпорындарының жұмысында әлі күнге дейін кездесіп отырғандығы ешкімге құпия емес. Шынында, барлық кәсіпорындарында бірдей күн сайын, ай сайын бірқалыпты, үдеген қарқынмен жұмыс істеуге толық мүмкіншілік бар. Мәселен, «Главмука» завод басқармасының кәсіпорындары тоқсандық жоспарды үстіміздегі жылдың июль айында 19 процент, август айында 37 процент, сентябрь айында 44 процент орындады. Міне, осы көрсеткіштердің өзі аталған кәсіпорындарында жұмыстың бірқал-

лыпты істелмейтіндігі.

Бірқатар кәсіп жоспарды еңбек бінен емес, шта алу есебінен орысінпорындарында гіден анағұрлым бек өнімділігінің күрестің бәсеңде Мәселен, «Комсо сында тоқсандық орындалса да, ег жөніндегі жоспарды.

Сонымен қатар дарының басшылар және құрал-жаб біркелкі жұмыс Әсіресе, «Главмука қарасты кәсіпоры лардың босқа қа болды.

Кәсіпорындағы жөнер-техник қ еңбек тәртібін н дің бірінен сана. кәсіпорындарында ісінің жолға қой парлардың орынд келтіріп жүр. Үл аяқкиім фабрикас бек тәртібін бұзр. сомолка» тігін ф.

Кәсіпорындары гізгі мәселелердің бағасын кеміту ж шейту. Бірақ, мұ

Р М Ы С Ы

алған участогі

апханасының жұмысы туралы

ия комитетінің ұстаздарды кеңістігі бар ма? еткілікті. Мұнда ғанда 12 мың ылдың өзінде ғармен толық кітап оқуға ғен коммунистер тар кітапхана болып санала-

ан толық көруге ев быйыл В. П. —капитализмнің л-демократияның дағы екі тақурама Штат-

И. В. Сталин олюциясы және тикасы» деген ірнеше көркем ы.

олдас Горький ын оқыды. Осы өнгеген жолдас кітап алып оқыйның XIX съезі-

В. Сталин жол-измнің экономиген тамаша шыінің ардақты бо-

зор мүмкіншілдімай отыр. Кітшыларға көмекімдастырып келе-рында оқу жылы өтті. Алайда, кія мектебінің сарсететін расписаден таба алмай-ар мен тыңдауыңған әдебиет-

Мұның бәрінен кітапхана өмірден соң калып отыр деген ұғым орынды туады. Кітапхана басқаны айтпағанда партияның XIX съезінің материалдарын үйренуді де ұйымдастырмай отыр. Бұл жөнінде ешбір әдебиет көрмелері, ешбір фотомонтаж жоқ.

Еліміздің шаруашылық және мәдени құрылыс саласында қол жеткен орасан зор табыстарымызды кеңінен насихаттау — кітапхананың құрметті ісі. Мұнда бесжылдық жоспар жөнінде көрме ұйымдастыруға болады. Диаграммалар, схемалар, цифрлар арқылы бесжылдық жоспардың маңызын көрсету өте қажет. Мұның бәрі насихатшылар мен үгітшілерге зор көмек болар еді. Рас, кітапханада «Коммунизмнің ұлы құрылыстары» деген фотосурет көрмесі бар. Бірақ, оның бетін шаң басып, бір бұрышта елеусіз жатыр.

Кітапхананың басты міндеттерінің бірі — насихатшылардың тәжірибелерін кеңінен зерттеп, оны тарату болып табылады. Булаевта бұл да ұмыт қалған жұмыстың бірі. Ал, үгітшілер үшін түрлі тақырыптар бойынша әңгімелердің тақырыбы көрсетіліп, қажетті әдебиеттердің тізімі ұсынылмайды.

Осы сыяқты, кітап оқушылармен жұмыс та бетімен жіберілген. Кітапхананың 160 оқушысы бар. Ал, ауданның қолхоздары мен совхоздарынан небары 10-ақ адам кітап алып оқыйды. Бұлардың ішінде қолхоздар мен совхоздардағы насихатшылар мен қатардағы коммунистерден бір де-бір адам жоқ.

Кітапхананың жұмысы осыныша нашар болуының себебі не? Оның себебі ең алдымен кітапхананың қызметкерлері өздерінің жұмысына немқұрайды қарайды. Аудандық партия комитеті кітапхана қызметкерлерінің жұмысына нақты басшылық бақылау жасап отырмайды. Соңғы бір жылдың ішінде аудандық партия комитеті өзінің

Съезд қарарларын жүзеге асыру Отанымыздың күш-қуатын арттыра түседі

☆

☆

☆



Петропавл паровоз депоһының автоматцехының коллективі партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйренуде.

СУРЕТТЕ: үгітші комсомолец А. Ерунов съездің қарарлары туралы цехтың жұмысшыларымен әңгіме өткізіп отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Бақыпты тұрмыс иелері

Бұл күндері Чистов астық совхозының коллективі партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен және ұлы көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен жігерленіп, бейбіт еңбек майданында жаңа табыстарға жетуде.

Олар өздеріне еркін еңбек етіп, бақытты, шат тұрмыс құруға право әперген Коммунистік партияға, кеңестер көсеміміз Сталин жолдасқа шын жүректен сүйіспеншіліктерін білдіріп, алғыс айтуда.

Кәзір совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері партияның XIX съезінің бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілген міндеттерді абрыймен жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Октябрь революциясының 35 жылдық мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, олар өндірістің барлық участоктерінде жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарлары мен көсем сөзі совхоз мал өсіруші

Мол өнімнің негізі жасалуда

Партияның XIX съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, Киров атындағы астық совхозының егіншілері жаңа табыстарға жеткен болатын. Совхоз коллективі алдағы жылдың егісінің қамын жете ойлап, съезд күндерінде зябь жыртуды кеңінен өрістетіп жүргізді. Осының нәтижесінде 15 октябрьде зябь жырту жоспары 102 процент орындалды.

Съездің тарихи қарарларымен жігерленген совхоз механизаторлары жоспарды зябь жыртуды да қызу жүргізді. Зябь жыртуда екінші бөлімшенің механизаторлары (меңгерушісі Ж. Мұқашев жолдас) үздік шықты. Олар стахановша еңбек етіп, зябь жырту жоспарын 10 октябрьде толық орындап шығуға жетісті. Соның нәтижесінде бөлімшеде 2330 гектар зябь жырттылып, алдағы жылдың егісіне жер жеткілікті әзірленді.

Кәзір совхоз механизаторлары партияның XIX съезінің тарихи қарарлары және бүкіл прогресшіл адамзаттың кеңестер көсемі Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінен қуат алып, алдағы жылы егін өнімін арттыру жолындағы күресті кеңінен өрістетуде. Мұнда кәзірдің өзінде-ақ 2050 гектар қара пар жырттылып, бұл жөнінде тағайындалған жоспар орындалуға жуық. Олар қара пар жыртудың жоспарын тез арада ішінде толық орындап, Октябрь революциясының 35 жылдық мерекесіне лайықты тартулармен келгелі отыр.

Келесі жылдың егісіне жерді мол әзірлеп, Октябрь мерекесіне лайықты тартулар тарту жолындағы күресте Б. Дорогов, Г. Гальстер және А. Ключевтер сыяқты тракторшылар қажырлы еңбек етуде. Бұлардың әрқайсысы сменалық норманы күн сайын 130—140 процент орындап жүр. Сонымен бірге, бұл тракторшылар

гардтық ролдерін арттырды. Мәселен, коммунист Доброхлеб жолдас өзінің саяси білімін арттырудың нәтижесінде колхоздағы таңдаулы үгітшілердің бірі болды. Ол мал шаруашылығындағы колхозшылар

сын» үйренетін жоғарғы типті үйірмеде оқыйды. Үйірме тыңдаушылары алғашқы сабақта насихатшы Давыдов жолдасын әңгімесін зор зейін қоя тыңдады.

В. СНИБСКИЙ.

жылнама күн тәртібіндегі екінші жоспар бойынша комсомол комитетінің жаңа құрамын және жуырда болатын аудандық комсомол конференциясына делегаттар сайлады.

Б. ЕСЕНОВ.

жолда су алмастан тәулік сайын 30 поезд алып жүруді ұйғарды.

Паровозшылар берген сертін аброймен жүзеге асыруда. Озат машинашылар Мозговой, Слюнько, Шандыбин және басқалары

Өздерінің өмір жолшылар. Октябрьдің 31.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде

2. Мал шаруашылығын өркендетудегі жаңа табыстар

Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде мал шаруашылығы жөнінде де бір-адай көрсеткіштер бар. Соңғы жылдарда әсересе, соғыстан кейінгі дәуірде облысымыздың социалистік мал шаруашылығы тез қарқынмен өркендеп, алға басты. 1940 жылмен салыстырғанда 1952 жылы ірі қара мал басы 176,3 процент, қой-ешкі 147,4 процент, шошқа 185,5 процент және жылқы басы 185,5 процент өсті.

Мал басының өсуімен бірге, оның өнімділігі де еселеп артты. Ұлы Отан соғысы алдындағы жылдармен салыстырғанда 1951 жылы мемлекетке ет 2,5 есе, жүн 2 еседен аса, сүт 3 еседен аса артық тапсырылды.

Ал, алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда мұнан да зор табыстарға жетіп отыр. Мұндай озат шаруашылықтар өздерінің мал шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстарына облыстық ауылшаруашылық көрмесінің навильондарына қойған.

Приешім ауданындағы «Новая жизнь» колхозы — іріленген колхоз. Іріленудің нәтижесінде колхоздың мал шаруашылығы өркендей түсті. Мал шаруашылығы навильонында бұл колхоздың қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудағы қол жеткен табыстары көрнекті жерге қойылған. Колхоз мүшелері ауылшаруашылық ғылымы мен озат тәжірибе табыстарын өндіріске батыл енгізе отырып, мал шаруашылығын өркендетуде белгілі табыстарға жеткен.

Бұл колхозда 1945 жылмен салыстырғанда 1952 жылдың өткен 9 айы ішінде ірі қара мал саны үш есеге жуық көбейген. Осы мерзім ішінде сауын сыйырлар басы да үш есеге жуық өсіп отыр. Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда жақсара түскен. Мәселен, 1945 жылы мұнда әрбір сауын сыйырдан 1460 литр гана сүт алынса 1951 жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1847 литр сүт сауылған. Колхоз жылма-жыл сүт дайындау жоспарын артығымен орындауда.

Осымен қатар, мал шаруашылығы навильонында Приешім ауданындағы «Образцовый» колхозының ірі қара мал өсірудегі жетістіктері тұр. Бұл колхоз (ферма менгерушісі С. Шолохов жолдас) бойынша осы жылдың 1 октябріне дейін мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары барлық түлік бойынша толық орындалған.

Колхоз мал өсірушілері кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді аброймен орындау жолында жанкыярлықпен еңбек етіп, партиямыздың XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыста мал басын еселеп өсірумен бірге, мал өнімдерін дайындаудың жылдық жоспарын да толық орындауға жетісті.

Көрмеде озат колхоздардың мал өсірудегі мұндай игілі істері толық көрсетілген.

Көрмеде алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің табыстары да баяндалады. Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы колхоздың мүшесі А. Киреева жолдас осы жыл-

ғы 9 ай ішінде қарамағындағы 11 меге-жіннен 121 торай алып, оларды түгелдей шығынсыз өсірген. Полудень ауданындағы «Парижская коммуна» колхозының жылқышысы Царев жолдас үстіміздегі жылы 100 биеден 100 құлын алып, олардың барлығын үйірге қосқан.

Өзінің күнбе-күнгі жұмысында ғылым мен тәжірибе табыстарын шебер ұштастырып, мал шаруашылығында көрнекті жетістіктерге жеткендердің бірі — Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың жылқышысы А. Яхев жолдас. Ол жылма-жыл әрбір биеден 1 құлын алып, шығынсыз өсіруде. Қатардағы колхозшы бйылы қарамағындағы биелердің барлығынан құлын алып, оларды аман өсіруге жетіскен.

Ауылшаруашылық көрмесінің мал шаруашылығы навильонында мал өсірудің озаттары әлде неше. Олардың көпшілігі мал өнімдерін арттыруда жоғары көрсеткіштерге жеткен. Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының сауыншысы Е. Пласковая жолдас осы жылдың 9 айы ішінде қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 1522 литрден сүт сауған.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының коллективі мал санын өсіріп, оның өнімділігін жылма-жыл арттырып келе жатқан шаруашылықтардың бірі. Совхоз коллективі қоғамдық мал басын бір мезгілде оның өнімділігін арттыра отырып өркендетуде. Озат шаруашылықтың мал басын өсірудегі татымды табыстары көрмеден кең орын алған.

Бйылы совхоз сауыншылары сыйырдан сүтті жылдағыдан көп алды. № 1 ферма-

ның сауыншысы Ж. Есенова осы жылдың 9 айы ішінде қарамағындағы 8 сыйырдың әрқайсысынан 3110 литрден сүт алған. Осы ферманың таңдаулы сауыншысы М. Слезенкова жолдас өзіне бекітіліп берілген 8 сауын сыйырдың әрқайсысынан 9 ай ішінде 2970 литрден сүт сауған.

Алдыңғы қатарлы мал өсірушілер мұндай нәтижелерге сыйыр саууда зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді шебер қолдану нәтижесінде ие болуда.

Жүн — бағалы өнім. Облысымыздың қой өсірушілері жүн дайындауда бір-қатар табыстарға жетуде. Алдыңғы қатарлы колхоздар қой өсіріп, оның жүн өнімін арттыруда үздік көрсеткіштерге ие болып келеді. Булаев ауданындағы «Красное знамя» колхозы облыстық ауылшаруашылық көрмесіне қоғамдық қой санын көбейтіп, оның жүн өнімін дайындауды арттырумен келген.

Бұл колхоз қой қыркуды жылма-жыл үлгілі өткізіп, жүнді мол дайындауда. Мұнда қой электр қайшыларымен қырқылады. Қой қырку жұмыстарының механика күшімен атқарылуы жүнді мол дайындауға зор көмек көрсетуде. Колхоз мемлекетке тек қана жоғары сапалы жүн тапсыруда. Бйылы колхоз әрбір қойдан төрт килограмға жуық жүн қырқыққан. Осының нәтижесінде жүн дайындаудың жылдық жоспары толық орындалған.

Қой шаруашылығын өркендетуде, әсересе, оның жүн өнімін дайындауды арттыруда Полудень және Приешім аудандарының қой өсірушілері жоғары көрсеткіштерге жетуде. Бұл аудандардың бірнеше алдыңғы қатарлы колхоздары жүн дайындаудағы табыстарын ауылшаруашылық көрмесіне әкеліп, ортаға салды.

Партиямыз бен үкметіміз құс шаруа-

шылығын өр-отыр. Құс өсіміндеттерді ж-сымыздың ко-бірқатар жұм-шылықтарда-налуда. Бірқа-құс фермасы-барған сайын-шылығы кол-негізгі көзіне-құс өнімінен-пайда табуда.

Құс өсіру «Жизнь» кол-еңбек етуде. Колхоз бйылы құ-Осы жылдың-құс өсірудің-цент орында-еріс алып от-хоз мыңдаған

Құс өсіруде-дас бірнеше-леді. Ол қара-бойы жақсы-өсіріп жүр.

Көрмеде құ-хоздардың да-ған. Петропав-атындағы көз-ойдағыдай өр-ту керек. Мұ-колхозда құс-Соңғы жылда-

Колхоз құс-сьезінің жаңа-дегі директив-деттерге сәйк-өркендетіп, кү-кірісін артты-

ІН ҮНЕМДЕП ЖҰМСАУ — ІЗДЫ МІНДЕТ

Бұл кәсіпорны жұмыстың ішінде жергілікті миллион сом, ал, үстімізінде ішінде 300 мың сом рді.

қунаалдық шаруашылық құрылыс ұйымдарында, үнем тәртібін қолдану оқтығынан өндіріс ішіндегі қорларды іздеп, табылай тұрсын, Қарағанды аын көшесіне дейін су алғанда үлкен ақау жаңа сомның материалы тек ырында бұл су проводы ге жарамай қалды. Су на қосымша бак орнату сом қаржы жұмсап жұр жұмысында да осындай рілді де ол пайдалануға

шикізатты, отынды, көне ақша қаражатын ісе солай жұмсау факті- шаруашылық жүйесінде Жуырда жүздеген мың ржысын талан-таражға шентарлық- техникалық ызметкерлері жауапқа облыстық коммуналдық імінің бастығы Помыт ырыны жұмысында орын мшіліктерді жою ор- терде ол кемшіліктерді арды мемлекет есебінен ырысып жүр. Мәселен, 0 мың сом қаржы жұ- і ақауы болғандықтан ыға қабылдамады. Ал, осы жылғы 4 январьда есебінен бұл ақауды беріп, бұл іске 30.0 жұмсады. Жаңа салы- нуға да берілмеген үй- үшін көптеген ақша ышы күнінің жұмса-

дың жергілікті Советтері мен финанс орындарының құрылыс материалдары мен ақша қаражаттарын артық жұмсауы сы- ақты фактілер де көп кездеседі.

Күрделі құрылысқа және күрделі жөн- деуге бөлінген қаржыны жұмсауда бюджет заңын өрескел бұрмалаушылық әресе Бо- нухов (аудандық Совет атқомінің предсе- дателі Филиппенко, аудандық финанс бө- лімінің меңгерушісі Наумов), Мамлют, (Совет атқомінің председателі Демченко, финан бөлімінің меңгерушісі Латышев жолдастар) аудандарында көп орын алып отыр.

Жөндеу, қалпына келтіру ісінде жауап- сыздықтың орын алуы салдарынан кейбір үйлер жыл сайын жөнделіп, оларға қар- жы қалай болса солай бюджетте ол мақсат қа қанша бөлінгеніне қарамастан жұмса- лады.

Облысымызда әкімшілік-басқару апара- тын қысқарту ісінде де зор кемшіліктер бар. Кейбір ұйымдардың басшылары штат- тан тыс қызметкерлер ұстап келеді. Үсті- міздегі жылы жүргізілген тексерісте 25 шаруашылық-кооперативтік ұйымдар мен кәсіпорындарында штаттан тыс заңсыз 80 қызметкер болғаны және 17 адамға жоғары еңбек ақы төленгені анықталды. Бір ғана облыстық тұтынушылар одағының тексеріс жүргізілген 13 ұйымында штат- тан тыс қызмет істеп келген 24 адамға 56 мың сом, ет комбинатында 184 мың сом қаржы төленген.

Партияның XIX съезінде Маленков жолдас былай деді «Міндет мынада: шаруашылық басшылар мен партия ұйымдарының ұқыпсыздық пен ыраңқорлық фактілеріне немқұрайды қараушылығын жою керек. Нағыз қатаң үнемшілдік тәртібін жүзеге асыру мәселелеріне біздің бүкіл шаруашылық және партия жұмысымызда әрқашан баса көңіл бөлінуге тиіс. Біз совет адамдарын қоғамдық, социалистік меншік ке ұқыптылықпен қарау рухында тәрбие-

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жетінші сессиясы

Дүниежүзілік жаңа соғыстың хаупі жойылсын бейбітшілік сақталып, халықаралық хауіпсіздік нығайтылсын

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1952 жылғы 18 октябрьдегі пленум мәжлісінде А. Я. ВЫШИНСКИЙДІҢ сөйлеген сө-

(Жалғасы. Басы газетіміздің 26 октябрьдегі санында)

АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары «Орта Шығыс одақтастар командованиясы» дейтінді құру үшін Орта және Таяу Шығыс елдеріне қысым жасауын күшейтті. Олар бұл елдерді де Солтүстік Атлантика блогіне қосып, ол елдердің, сол сыяқты басқа отар және тәуелді елдердің жерін соғыс базаларын жасау қажетіне пайдаланғысы келеді, ал олардың халқын өздері әзірлік жасап жатқан дүниежүзілік жаңа соғыста адам резерві ретінде пайдаланғысы келеді. Мұнымен бірге олар: Совет Одағы бұл елдердің хауіпсіздігіне қатер туғызып отыр, сондықтан оларды Совет Одағынан қорғау мақсатымен осындай «командование» құру керек болады деп жалған сылтау айтуда. Бірақ мұндай сылтаусымақтың сыры мәлім. Мұндай сылтау болмыстардың қыйсынсыздығы мүлде айқын болуға тиіс. Өйткені, Орта және Таяу Шығыс елдерін өздерінің отарлары деп тануға дағдыланған мемлекеттерден өзгеше Совет Одағы бұл елдер жөнінде Таяу және Орта Шығыс халықтарының түбірлі ұлттық мүдделеріне, сол сыяқты барлық бейбітшіл халықтардың мүдделеріне толық сай келетін саясат жүргізуде.

Өткен жылдың ішінде АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары Латин Америкасының бірсыпыра елдеріне (Бразилияға, Колумбияға және басқа елдерге) «хауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету туралы» келісім

жасауға берілген қаржы 1951 жылғыда екі есе асып түскенін, оның үстіне кейінгі жылдарда бұл қаржыны онан сайын көбейту көзделетінін айту қажет.

Құрама Штаттардың басшы саяси қайраткерлерінің даурыққан сөздерінің жалғандығын, Құрама Штаттар мен оның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы одақтастары ұсынған және атом қаруын тыюды қоздейді-мыс деп көрсетілетін әртүрлі жобалардың жалғандығын әшкерелеу үшін осы фактілердің өзі жеткілікті.

Сондықтан да, АҚШ үкметінің атом қаруы өндірісін онан сайын ұлғайтуды қамтамасыз етуге аянбай күш салуы тегін емес. Егер 1945 —1946 жылдары атом қаруын жасауға, жарияланған мәліметтер бойынша, 418 миллион доллар жұмсалса, 1950 —1951 жылдарда 897 миллион доллар жұмсалды, ал кәзіргі 1952—1953 жылы бұл мақсатқа жұмсалатын қаржы жылына 1,7 миллиард долларға жеткізілді, кейінгі жылдарда бұл шығынды 3 миллиард долларға жеткізу жобаланды.

АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары атом қаруын тыю түгіл, оның өндірісін шағындауды да тіпті ойламайтынын, АҚШ-тың ресми өкілдерінің атом қаруын тыюға әзірміз деген сөздерінің қандай болса да түгелінен жалған екенін, олар тек напғыш, аңқау адамдарды адастыруды ғана кездейтінін айқын көру үшін, осы мәліметтердің өзі жеткілікті дәлел.

АҚШ-тың өнеркәсібін милитарландыру

кәсіп-финанс шонжарларының мүдделері тәуелділігі ссылайша ашылып отыр.

«Қарусыздану шарты туралы сыбы өңгіменің өзі, —деп жазды «Нью-Йорк пост» газеті,—елдің барлық жерінде па дақунемдерді, банкирлерді және сая қайраткерлерді безек қақтырады».

* * *

АҚШ-тың, Англияның, Францияның және Солтүстік Атлантика блогіне мүл басқа бірсыпыра елдердің бүкіл эконом- касын милитарландыру, бұған байланы- ты соғыс шығындарының орасан көбей- алым-салықтардың үздіксіз ұлғаюына өк- соқтырып, халыққа зор салық ауыртп- лығын жүктейді, миллиондаған адамдар- дың тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне, х- лықтың қалың бұқарасының күнбе-күн қажетін өтеуге керекті қаржының азай- тылуына әкеп соғады. 1952 —1953 жы- лы АҚШ-та халықтан алынатын тікеле- салықтар 1937 —1938 бюджет жылы- дағыдан 12 еседен аса көбейді. Сол сы- ақты Англияда, Францияда, Италияда жә- не Солтүстік Атлантика блогіне мүш- басқа капиталистік елдерде де салы- сдәуір көбейтілді. Реконструкциялы- финанс корпорациясының бұрынғы бас- шысы Саймингтон салықтың әрбір долла- рынан 60 цент Пентагонға, яғни соғы- қажетіне берілетінін дәлелдеді. Бұл ел- дерде жұмыссыздықтың ұлғайғаны байқа- лады, мұны ресми экономикалық есепте- мен шолулар да жасыра алмайды. Мұ-

келеді

Совет ауданының орталығы Смирново селосындағы кітапхананың кітап қоры жылдан-жылға арта түсуде. Өткен жылы 1224 сомның кітабы сатып алынған болса, үстіміздегі жылы тағы да 80-нен астам көркем әдебиет, 100 дана саяси әдебиеттер мен Ленин — Сталин шығармаларының XII—XXIII томдары сатып алынды.

Сонымен бірге, кітапханадан кітап оқушылардың саны да үздіксіз артады. Қазір мұнда 523 тұрақты кітап оқушы бар. Кітапханада кітап оқушылар конференциясы мен шахмат жарыстары өткізіліп тұрады.

Кітапхана жанынан көркемөнер дарындыларының үйірмесі ұйымдастырылған. Қазір село көркемөнершілері Октябрь мерекесі күндерінде аудан орталығында тұрушыларға концерт беру үшін әзірлік жүргізуде.

Г. БАЛТАБАЕВ.

Мерекеге әзірлік

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы қарсаңындағы күндерде қаладағы фельдшерлік-акушерлік мектептің оқушылары оқуды жақсы оқумен бірге, мерекеге қызу әзірлік жүргізуде.

Мектеп көркемөнер дарындылары мерекелік кеште ойын-сауық кешін өткізу үшін қазір ән салуға, би билеуге және түрлі тақпақтар үйреніп жүр.

Қ. САҚЫПОВ.

Қарт аңшы

Чистов астық совхозындағы 3-бөлімшеде тұрушы Қазбек Мазақбаев жас кезінен бастап қасқыр және түлкі соғумен шұғылданды.

Қазір ол 75 жаста, бірақ Қазбек қарт әлі күнге аң аулау ісімен үздіксіз шұғылданып отырады. Тек соңғы екі жыл ішінде ғана 17 қасқыр, 7 түлкі соқты. Жуырда ол тағы да бір түлкі соғып алды.

Н. ПАЛЕЕВ.



Киров атындағы астық совхозының мал фермаларында малды суару жұмысы механикаландырылуда.

СУРЕТТЕ: совхоздың мал фермасына жаңадан орнатылған жел двигателі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ГТО значегіне норма тапсыру үшін жарыс

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің оқушылары арасында ГТО значегіне норма тапсыру үшін жуырда спорт жарыстары өткізілді. Мың метрлік жерден жаю жүгіру, граната лақтыру, биіктіктен және ұзындықтан секіру жарыстары өте қызықты өтті. 4 метр 39 сантиметр ұзындықтан секіріп, оқушы К. Қасенов бірінші орынға ие болды. Мың метрлік жаю жарыста Б. Жанаев финишке бірінші болып келді. Оқушы К. Ескендіров 1,5 метр биіктіктен секіріп, мектеп бойынша рекорд жасады.

Б. НҰРМАҒАНБЕТОВ.

сапты

Соколов ауданындағы Виноградовка магазинінің сатушысы М. Шатилин жолдас съезд алдындағы социалистік жарыс күндерінде товар айналымының жылдық жоспарын съездің ашылу күніне орындауға міндеттенген еді. Бұл сөзін ол іс жүзінде орындап шықты. Ол съездің ашылу күніне дейін товар айналымының жылдық жоспарын 102 процент орындады.

Шатилин жолдас өткен 9 ай ішінде село еңбекшілеріне 200 мың сомның товарын сатты. Қазір ол Октябрь мерекесі күрметіндегі социалистік жарысқа ұшытамып, тұтынушыларды күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті товарлармен тыңғылықты қамтып отыр.

Пьеса қойып көрсетпек

Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінің комсомолдері мен жастары Октябрьдің 35 жылдық мерекесі күні колхозшыларға қойып көрсету үшін «Достық және махаббат» деген пьеса дайындап жүр.

Мектеп пионерлері де мерекеге қызу әзірленіп жүр. Олар мереке күндері мектеп сахнасында Ақтановтың «Өшпес даңқ» деген екі актылы пьесасын қойып көрсетпек.

Б. МАЙҒАРИН.

Жаңа техника

Үстіміздегі жылы Қонюхов ауданының МТС-тері жаңа техникамен айтарлықтай дәрежеде қаруланды. Машина-трактор станциялары 11 жаңа комбайн, 9 трактор, өздігінен жүретін 3 және тракторға тіркелетін кең алымды 34 шөп машинасын, 52 сепка, 5 культиватор, астық тазалайтын 2 машина және басқа да көптеген машиналармен жабдықталды.

Жаңа мектеп

Пролетарка селосының (Қонюхов ауданы) шет жағындағы орман жанында үлкен әдемі үй бар. Бұл — жаңа салынған жетіжылдық мектеп үйі. Мектеп үйінің бірнеше бөлмесі және физкультура залы бар.

диядағыдай, Исландиядағыдай, Норвегиядағыдай, Даниядағыдай, Азор аралындағыдай, Франциялық Мароккодағыдай, Триполитаниядағыдай, Сауд Аравиясындағыдай, Түркиядағыдай, Транспорданиядағыдай, Жапониядағыдай және басқа бірсыпыра елдердегідей жаңадан салынып жатқан америка базалары, бұл туралы ашық жарияланып отырғанындай, ССРО-ға, Қытай Халық Республикасына және Еуропаның халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған.

Батыс Европада Американың көптеген базалары салынып жатқанын атап көрсету қажет. Мысалы, Англияда қазіргі уақытта Американың 26 соғыс-әуе базалары және басқа базалары бар. Қазірдің өзінде Англияның мәнсінінде Американың біртұтас соғыс-әуе базасына айналды. Солтүстік Атлантика блогінің Лиссабондағы сессиясында, көбінесе, АҚШ-тың есебінен, бұл блокке қатысушы бірсыпыра батыс-европалық елдерде көптеген әуе базаларын жасауға қарар қабыданғаны мәлім. Бұл қарар бойынша, 200-дей аэродром жасалуға тиіс.

Фактілер осындай. Бұл фактілер, Совет Одағы бейбітшілікке хауіп туғызады деген жалған насихатты бетке ұстап, империалистік лагерьде жаңа соғысқа әзірлену қарқынының күшейтілгенін көрсетеді.

Бұл блокке қатысушы елдерде, көбінесе Америка Құрама Штаттарында бұл жылдың ішінде соғыс мақсатына арналған қаржының барған сайын көбейтілуі Солтүстік Атлантика блогінің агрессивтілік жоспарларын айқын дәлелдейді. 1952 — 1953 бюджет жылында АҚШ-тың соғыс шығындары 1937 — 1938 бюджет жылындағыдан 58 еседен астам көбейтілді, қазір бұл шығындар АҚШ-тың бүкіл бюджет қаржысының 74 проценті, ал 1937 — 1938 жылы соғыс шығындары бюджеттен 14 процент орын алған.

Атом қаруын жасауға, Америкада аталатынындай, америка монополияшыларына орасан көп пайда келтіретін «миллиардтық бизнес» — атом өнеркәсібінің ұлғайтуға Американың бюджетінен ерекше көп қаржы беріледі. 1952 жылы атом қаруын

түсті. Фрагмента әзіргі соңғы көп жұмсадары қазір процентке

АҚШ-ты және басқа микасын миллиялық қауғады. Мон Сталин жа социализмнің «стар елдерді кірі нау, бірсы елдерге айнып билеу пайда алып табылауыру, дүние дік орнатуға қадамдар жалаым көп палық капитал табылады.

АҚШ-тағы лиардерлерінің мәлім. 19 дасы 43 ми 1938 жылы артты. Англи дай.

АҚШ през граммасын ж соғыс базала жы талап ет қандайына б ның үшін « базалардың а апар болар ед фактілер түрп сінікті болады

Американың саясатының, даған пайда т мартатын, өз нан және жал ту ойына да

Ұйымы Бас Ассамблеясының жетінші сессиясы

СОҒЫСТЫҢ ХАУПІ ЖОЙЫЛСЫН, БЕЙБІТШІЛІК ҚАРАЛЫҚ ХАУІПСІЗДІК НЫҒАЙТЫЛСЫН

Ассамблеясының 1952 жылғы 18 октябрьдегі пленум мәжлісінде
ВЫШИНСКИЙДІҢ сөйлеген сөзінің соңы

ЫҚ

етін қару-сіреді. Косайып кел ұйғаруына есін белгіла шұғыл-

Франция комиссияда-омиссияның ұмыс істеу-де азайты-салынуын

омиссияның

ономикалық ұмысын сөз мен Америка саясатының ш айтпауға ка блогінде-тын елдердің шықпайтын п, АҚШ мү- Біріккен Ұлт- щиптерін кө- Біріккен Ұлт- ны түгелінен еткен бірсы- Ұлттар Ұйы-

Ұйымының принциптеріне өрескел қайшы келеді. Уставты тиісінше құрметтеп, орындап отырғанда, халықаралық ынтымақтың ұйымы болуға тиісті. Біріккен Ұлттар Ұйымын осындай деп танып, оған маңыз беретін бірде-бір үкмет бұған көне алмайды. Егер Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің есімі мен беделін қадірлейтін болса, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымында өз өкілі болуға тиіс.

Дүниежүзілік жаңа соғысты әзірлеу жоспарында АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары Англияның және Францияның қолдауымен, Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына және Европаның халықтық демократия елдеріне қарсы бұл діру-шпиондық және террорлық әрекет ұйымдастыруға дөмеленеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кейбір елдердің қолдауы себепті, Американың 1951 жылғы 10 октябрьдегі және 1952 жылғы 20 июньдегі жоғарыда айтылған қылмыстық әрекетті ұйымдастыру туралы заңдары әлі күнге күшінде қалып келеді. Бұған төзіп отыруға болмайды.

Совет үкметі бұл сессияда, бейбітшілікті және халықаралық ынтымақты нығайту құралы бола алатын Біріккен Ұлттар Ұйымының бұл мәселеде өзінің принциптеріне, бейбітшілікті нашарлататын, дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін күшейтетін жоспарлардың жүзеге асырылуына қарсы тұруды көздейтін мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес позицияда болуын

бұзғаны үшін жауаптылық қай уақытта болса да сол шекараны бұзушыға жүктеуге тиіс екені және соған жүктелетіні де түсінікті.

* * *

Әрбір мемлекеттің сыртқы саясаты оның ішкі саясатының жалғасы болып табылатыны мәлім.

Совет үкметі Совет мемлекетінің құрылуының алғашқы күндерінен бастап бейбітшілік үшін, теңправолылық және тәуелсіздік принциптерін құрметтеу негізінде басқа елдермен достық қатынасты күшейту үшін үнемі күресіп келеді, басқа елдердің барлық халықтарының түбірлі мүдделеріне толық үйлесетін совет халқының мүдделерін қорғап келеді. Бұл күресте ол Совет үкметінің басшысы И. В. Сталиннің нұсқауларын басшылыққа алып келді және қазірде де басшылыққа алып отырады. «Біздің үкметіміздің саясатының, сыртқы саясатының негізі бейбітшілік идеясы болып табылады», советтік сыртқы саясаттың міндеті «бейбітшілік үшін күресу, жаңа соғыстарға қарсы күресу, жаңа соғыс әзірлігін жасау жөнін де қолданылатын әрекеттердің бәрін әшкерелеп отыру».

Бұл ұлы принциптерге сәйкес Совет Үкметі бірсыпыра жылдар бойына, баянды бейбітшілікті сақтауға ұмтылып, талай рет инициатива көрсетті: басқа мемлекеттерге коллективтік хауіпсіздікті нығайту туралы ұсыныстар жасады, империалистік мемлекеттердің агрессиялық са

питализм мен коммунизмнің қандай негізде қатарласып өмір сүруі мүмкін?» деп турасына қойған сұрағына ССРО Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталиннің 1952 жылғы апрельде мынадай жауап қайырғанын естеріңізге саламын:

«Ынтымақтасып іс істеуге екі жақтың бірдей ынтасы болса, алынған міндеттемелерді орындауға әзір тұратын болса, теңдестік және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі сақталатын болса, капитализм мен коммунизмнің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі әбден мүмкін».

АҚШ-та, сол сыяқты американдардың көші артында малтығып жүретін Англия мен Францияда сыртқы саясаттың басшы идеясы «қорқытушы күш» болып келеді, Трумэн мен Эйзенхауэр, Ачесон мен Даллес оны неше саққа жүгіртпін дәріштейді.

Совет Одағы мемлекеттердің тәуелсіздігі мен ерікті елдік теңдестігін құрметтеу принципін, бейбітшілікті, демократияны, социализмді нығайту ісінде, шын ниетпен, адалдықпен ынтымақ жасау ісінде, барлық бейбітші елдер мен халықтардың мүдделерінен бөлектенбейтін, өз елдерінің халықтарының мүдделерін бірлесіп қорғау ісінде жаңа табыстарға жету мақсатымен бір-бірін қолдау және шын мәнісіндегі, қалтқысыз өзара көмек принципін негізге ала отырып, бейбітшілік үшін күресуде Совет Одағының бейбітшіл сыртқы саясаты жаңа қоғам орнатып жатқан совет халқының бейбіт жемісті еңбегіне сүйенетін бұл саясат социалистік қоғамдық құ-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 26 октябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 26 октябрь күні былай деп хабарлады:

Корея Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні Кымхва ауданында дұшпанның қарсы көскілескен ұрыстар жүргізді:

20-дан астам самолеттер және 40-тан астам танктердің қолдауымен дұшпанның 2 полктай әскерлері 7 рет күшті атақалар жасады. Алайда, дұшпанның барлық атақалары тойтарылып, мұнымен бірге Халық армиясының әскерлері дұшпанның 2 батальонын қоршап алып, жойып жіберді.

Бүгін біздің зенит бөлімдеріміз және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 8 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

Пак Хен Еннің мәлімдемесі

ПХЕНЬЯН, 25 октябрь. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігі Корея Халық-Демократиялық Республикасы сыртқы істер министрі Пак Хен Еннің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы VII сессиясының председателіне, Құрама Штаттардың ұсынуымен сессияның күн тәртібіне Кореяда бактериологиялық құралды қолдануды зерттеу туралы мәселені күн тәртібіне енгізу жөніндегі мәлімдемесін жариялады.

Мәлімдемеді, Солтүстік Кореяда американдықтардың бактериологиялық құралды қолданылғандығы туралы фактыларды демократияшыл-юристердің Халықаралық ассоциациясының комиссиясы, Халықаралық ғылыми комиссия, сол сыяқты, бактериолог-қытай мамандары сыяқты беделді халықаралық комиссиялар әлде қашан анықтағандығы айтылған. Сол сыяқты, мұны біздің бейбітшілік сүйгіш халқымызға қарсы жүргізілген бактериологиялық соғысқа тікелей қатысып, қолға түскен американдық ұшқыштарының берген жауаптары да дәлелдеп отыр.

Біздің халқымыз бен дүние жүзіндегі

бомбалардың қандайда болса басқа түрлерін қолданудан шынымен бастартуға әзір болса, онда, Ачесон мырза, сіз бактериологиялық қаруды қолдануды тыю туралы 1925 жылғы Женева протоколын бекітуден не себепті қасарып бастартасыз?

АҚШ атом қаруын сөзсіз тыю туралы ұсынысты қалбылдамай, бактериологиялық қаруды қолдануды тыю туралы протоколды бекітуден қасарып бастартып отырғанда, АҚШ «атом бомбаларын қолданатын» агрессия немесе «химиялық, не болмаса бактериологиялық қаруды қолданатын агрессия» жасамайды деген сөзге иануға бола ма?

Егер АҚШ қару-жарақ пен қарулы күштерді айтарлықтай азайтуға иыны мен әзір болса, онда АҚШ қару-жарақты азайту туралы ұсынысты не себепті үнемі қабылдамай келеді, не себепті қару-жарақ өндірісін мейлінше күшейтіп, не себепті басқа елдер жерінде, ССРО-ға, Қытай Халық Республикасына және Европаның халықтық демократия елдеріне қарсы пайдалануға арналған жаңа соғыс базаларын жанталаса жасауда?

Міне сөз, міне іс. Енді сіздерге бұл істердің —АҚШ-тың өз елінде жүргізіп отырған және басқа елдерге зорлық пен жүргіздіріп отырған жаппай милитарландыру шараларының маңызы мен құндылығын бағалауға мүмкіндік беріледі.

Ачесон мырза АҚШ «соғыс мүмкіншілігін және соғыс қорқынышын жою мақсатымен, барлық жағын қамтытын қарусыздану программасын белгілеуге тырысты» дегенді айтты. Бірақ, шынында АҚШ-тың, сол сияқты оны қолдайтын басқа кейбір үкіметтердің қарусыздану жөніндегі комиссиядағы өкілдерінің бүкіл жұмысы «барлық жағын қамтытын қарусыздану программасын» жасауды бәз-демегені былай тұрсын, тіпті қару-жарақ пен қарулы күштерді тегі қандай да болса азайтуды да көздеген жоқ. Бұл комиссияның барлық ұсыныстары өзімізге

ның даулары мен алауыздықтарын күш жұмсамай-ақ немесе күшпен қорқытпай-ақ, бейбітшілік жолымен шешуге, өзара бейбітшілікті нығайту Шартын жасауға шақыруды ұсынды. Бұл ұсынысында ССРО делегациясы халықтардың жаңа соғыс хауіне жол бермеуге, бейбітшіліктің сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылған қайтпас еркін және бұған берік бел байлағандығын білдірді. Мұның өзі барлық елдер халықтарының соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік жолындағы қуатты қозғалысынан айқын көрінді.

Солтүстік Атлантика шарты шарттасқан елдердің ерікті теңдігін құрметтеу принципіне сүйенетін келісім болмай, американдардың өктемдігі болып отырса, бес мемлекет арасындағы Бейбітшілік Шарты оған қатысушы елдер арасындағы қатынастың теңдігі принципіне сүйенетін келісім, іс жүзінде бейбітшілікті нығайту, бейбітшілік сүйіс халықтарға қандай түрде болса да хауіп туғызатын агрессияға қарсы күресу мақсаттарын көздейтін келісім болуға тиіс. Бес мемлекет арасындағы Бейбітшілік Шарты, ішкі түбірлі қайшылықтар көрнеп отырған және мемлекеттердің ерікті елдігін танымайтын, сондықтан негізінде кеселді болып отырған Солтүстік Атлантика шартына қарама-қарсы, бұл мемлекеттердің шын мәнісінде бейбітшілік сүйіс саясат жүргізуін қамтамасыз етуге тиісті.

Совет Одағы Бас Ассамблеяның бесінші және алтыншы сессияларында Бейбітшілік Шарты үшін күресіп келді. Қазіргі жағдайда, Солтүстік Атлантика блогі өзінің дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірлік әрекетін күшейтіп отырған кезде, бес мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасаудың маңызы онан сайын зор арта түседі. Мұндай шартты жасау Құрама Штаттардың, Англияның және басқа елдердің агрессияшы топтарының соғысқұмарлық жоспарларын күйретпей қоймайды, дүниежүзілік жаңа соғыс бастау

ның бес ұлы мемлекетті өзара, барлық халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келетін Бейбітшілік Шартын жасауға шақыруын талап етуді өзінің міндеті деп есептейді.

Совет Одағының делегациясы Бейбітшілік Шартын жасау туралы Польша делегациясы енгізген ұсыныстарды, ұлы мемлекеттердің қару-жарағын үштің біріндей азайту туралы, жаңа соғыс хауіпін жою және бейбітшілікті нығайту туралы ұсыныстарды мейлінше қуаттайды. Совет Одағы өзінің бейбітшілік сүйісшілігін, халықаралық қатынастағы шешілмеген маңызды мәселелерді бейбітшілік жолмен шешуге өзінің әзірлігін іс жүзінде дәлелдеді. Бірақ совет халқының бейбітшілік сүйісшілігіне ешкім қыянат етпеуге тиіс. Тарихтың сабақтарын —Россияның тарихынан, агрессорлар қиліктірген соғыс сын дарынан талай рет жеңіспен шыққан совет мемлекетінің тарихының сабақтарын ешкім елеусіз қалдырмауға тиіс.

Мен сөзімді аяқтап келемін. Бірақ сөзімді аяқтаудан бұрын мен Швецияның сыртқы істер министрі Унденнің, Швеция және совет үкіметтерінің ноталар алысуы арқылы мұнан бұрын аяқталған іс—Швецияның «Каталина» соғыс самолетінің ССРО шекарасын бұзуы туралы мәселе жөніндегі сөзі жайында бірнеше сөз айтқым келеді.

Унден мырза өзінің сөзінде әртүрлі мәселелерді —ашық теңіз мәселесін, территориялық су, шекаралық өңір, он екі мильдік аймақ, арбитраж мәселелерін үйіп-төкті.

Швеция самолеті туралы мәселені алатын болсақ, жарияланған совет ноталарынан мәлім болып отырғанындай, 16 июнь де совет самолеттері біздің шекарамызды бұзған «Каталина» швед соғыс самолетін Совет Одағының шекарасынан қуып жіберді. Сол сияқты, нотада әрбір мемлекеттің шекарасын сақтау ол мемлекеттің қасиетті міндеті болып табылатыны көрсетілді. Басқа мемлекеттің шекарасын

нас орнатуға және бұл қатынасты нығайтуға үнемі ұмтылуының үлгілерін талай рет көрсетті.

1920 жылдың өзінде ұстазымыз В. И. Ленин совет мемлекетінің сыртқы саясатын сыйпаттай келіп: «Бейбітшілік жолындағы соғысты біз ерекше күшті жігермен атқарып келдік. Бұл соғыс тамаша нәтижелер беруде» деді.

1934 жылы кесеміміз және ұстазымыз И. В. Сталин советтік саясатты толық сыйпаттап, былай деді: «Біздің сыртқы саясатымыз айқын. Бұл саясат —бейбітшілікті сақтау, барлық елдермен сауда қатынастарын күшейту саясаты. ССРО ешкімге де қорқыныш туғызбайды, ешкімге де ешқандай шабуыл жасамайды. Біз бейбітшілікті жақтаймыз, бейбітшілік ісін қолдаймыз. Бірақ, біз қорқытушылықтардан үрейленбейміз және соғыс өртін салушылардың соққысына соққымен жауап беруге даярмыз».

Совет Одағы өзінің сыртқы саясатының бұл ардақты принциптерінен ешқашан айныған жоқ және айнымайды да. Бір топ америка редакторларының: «Ка-

Совет Одағы қай жоспарлар жасап қарылған жалаңы не шығарады.

Бұл жоспар советтік бейбітшілікпен өркен бітшілік ісін сақтау халқының алдында дөттердің орындалу бәрін туғызуда адамдарының бірақты сай келеді.

ССРО делегация барлық бейбітшілік мүдделеріне сай принциптерінің бейбітшілікті нығайтуға шақырады. Басті және халықартауға, төніп келе жаңа соғыс хауіптің өртіне қайта халықтардың зор алдын ала жол бсіндегі халықарал ұсыныстарды қабырдауға тиіс.

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

жазылушылар қабы

бастайды

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық ө жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің м тұруын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ ТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілу